

"ТЕҢГЕ" БІРЛЕСКЕН КӘСПОРНЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 10
мамыр 1994 ж. N 490

"Теңге" мұнайгаз кен орнының төмен орналасқан қабаттарын алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалана отырып игеруді қолға алу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігінің американдық "Англо-Датч (ҚазақТеңге) Л.Л.С." компаниясының қатысуымен қайталама шығару әдістерін қолдану арқылы алынатын көмірсутегі шикізаттарын өндіру мен өңдеу жөнінде, сондай-ақ "Теңге" кен орнынан алынатын мұнай мен газдың өңделген өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және сату жөнінде жауапкершілігі шектелген серіктестік түріндегі "Теңге" бірлескен кәсіпорнын құру туралы шарты мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен "Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай операциялары туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1162 Жарлығына сәйкес бір ай мерзімде "Теңге" бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі құжаттарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары,

Маңғыстау облысының әкімі заңмен белгіленген тәртіппен "Теңге" бірлескен кәсіпорнының жасалған шартының шегінде барлық қажетті лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін, сондай-ақ бірлескен кәсіпорын қызметінің ұйымдастыру мәселелерін шешу кезінде жәрдем көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі "Теңге" бірлескен кәсіпорны жұмысының барысында республика мүддесінің сақталуына бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК